



JULDYZ

ЖҰЛДЫЗ

6/2020

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ
ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ТОЛҒАУ. Роман.....94

Базар АҚСАҚАЛОВ
АҚ БҰЛТТАРҒА ЖҮГІРЕМІН
СҮТ ПЕ ДЕП. Өлеңдер.....139

өл-Шарбаби - 1150

Ерсұлтан БЕКТҮРҒАНОВ
АСЫЛ МҰРА.....141

Көкейлер

Анар САЛҚЫНБАЙ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....145

Жеті жұрттың тілін біл

Т. ЕРМЕКОВА, С. АСАНБАЕВА
ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЫ.....159

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ
ҮШ ТІЛДІ ЖЕТІК МЕНГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ.164

Жоқой-жесті

Сабырбек ДӘНДІҚҰЛҰЛЫ
ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ.....169

Сабырбек ОЛЖАБАЙ
ЖҮРЕК КӨЗІ АШЫЛСА.....179

Сырбағым

Мақсат ҚАРҒАБАЙ
СОЗАҚТЫҢ СЫРБАЗ СӘУІРБЕГІ.....184

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ
БАР ҚҰРЫЛЫҚТА ІЗІ ЖАТЫР. Естелік.....187

Мерей

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ, Жібек ҚҰСАЙЫН
ҚАЗАҚИ РУХТЫ КЕСТЕЛЕУ ЖОЛЫНДА.....197

Алтын бесік

Гүлрух ЖЕМЕНЕЙ
МАҢҒЫСТАУ –
АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ.....205

Бас редактор
Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Бас редактордың
орынбасары
Тұрысбек СӘУКЕТАЙ

БӨЛІМ МЕНГЕРУШІЛЕРІ:
Жұмабай ҚҰЛИЕВ
Думан РАМАЗАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Бектүр ТӨЛЕУҒАЛИ
(Маңғыстау, Атырау
облыстары),
Төрәкүл ӘЛХАНҰЛЫ
(Жамбыл облысы)

ХАТШЫ-РЕФЕРЕНТ
Зубайда САХИҚЫЗЫ

КОРРЕКТОР
Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
Думан РАМАЗАН

● Редакцияға түскен шығармалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

● Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді.

Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз», №6, 2020 ж.





РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Анар САЛҚЫНБАЙ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақ тіл білімі ғылымының тарихы – ана тілінің құрылымын талдауға бағытталған ізденістер мен жаңалықтарға, қателіктер мен кемшіліктерге, ғылыми әдіс пен әдіснама іздеу үстіндегі әртүрлі қайшылықтарға, ұсыныстар мен болжамдарға, байсалды ғылыми тұжырымдар мен байламды қағидаларға, ғылыми пікірталасқа бай. Бүгінде қалыптасып дамыған, әр түрлі идеяларға иек артып, теориялық тұжырымдарын тамызық ете жетілген, ғылыми метатілі айқындалған, өзіндік бет-бейнесі мен бағытын айқындаған қазақ тіл білімінің 100 жылдық тарихы бар. Ана тілінің мерейін үстем ету үшін, өмірден баз кешкен тарланбоздардың тағдыры бар.

Қазақ тіл білімінің тарихи даму кезеңдерінің бастауы түркітанудағы ғылыми зерттеулермен тікелей байланысты. Түркі тайпаларының тілі мен диалектілерінің салыстырмалы-тарихи деректері талданатын XI ғасырда жазылған М. Қашқаридың «Диуани лұғат-иттүрк» еңбегінен бастау алатын қазақ тіл білімінің тарихын кеңінен алып зерттеудің, зерделеудің, ғылыми тұрғыдан талдаудың маңызы ерекше, әрі оның көкжиегін кеңейтіп зерттеудің уақыты келді. М. Қашқари еңбегі «лұғат» деп аталғанымен, беретін ақпараты мол, тарихи дерегі айқын. Мұнда түркі тайпаларының атауы, тілдің грамматикалық ерекшелігі, ішкен асы, жүрген жері, киген киімі, айтқан аңызы, қолданған мақалмәтелі мен жаңылтпашы, лебізде пайдаланған тұрақты сөздері мен тіркестері туралы іздегенген жанға молынан берілетін ғылыми терең мағлұмат бар.

Қазақ тіл білімінің бұдан кейінгі қайнар көзі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің қазақ еліне арнайы жасаған саясатының нәтижесінде қалыптасып жасалған орыс түркологтарының еңбектерін атау өту абзал. Бұл кезеңде қазақ тілін зерттеуге Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, Н.Созонтов, Г.В. Архангельский, В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев сынды ғалымдар ат салысты.

Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизско-гонаречия» деп аталатын практикалық мақсатта жазылған еңбегі бар. Н.И. Ильминский

(1822-1891) – Казан дини академиясынын ірі өкілдерінің бірі, тілші-түрколог Ғалым, атақты М.А. Казембек пен М.Г. Махмудовтың шәкірті. Арнайы комиссиялармен үш академия мен университетте шығыс тілдерінен сабақ берді. Кейін арнайы мемлекеттік тапсырыспен 1858 жылы Ордыборатеуші-ғалым В.В. Григорьевтың қолдауымен, казак тілін біліп, оны зерттеу мақсатымен Н.И. Ильминский татар тілінде жазылатын ресми хаттарды, 1861 жылы басып шығарды. Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия» еңбегі фонетика, грамматика және сөздіктер туралы. Н.И. Ильминскийдің түркітанушылығының айналысы жарыққа шығарылды деп есептейміз.

П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» зерттеуінде казак тілінің грамматикалық құрылысы сөз болады. Әсіресе, синтаксиске елеулі мән берілді. Зерттеуші инсонионер казак тілін ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таныған.

Петербург мектебінің түрколог ғалымы саналатын М.А. Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская и киргизская, узбекская» еңбегі бар. Мұнда казак тіліне қатысты бөлімі басқа түркі тілдерімен салыстырыла қарастырылды.

В.В. Катаринский (1846-1902) – Орта Азиядағы көрнекті түркітанушылардың бірі, Н.И. Ильминскийдің шәкірті. Ол оқу-ағарту істеріне қатысты: «Краткий киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1895, 1898), «Русско-киргизский словарь» (Оренбург, 1899-1900), «Киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1897), А.Н. Кононовпен бірлесіп жасаған «Практический киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1895), «Грамматика киргизского языка» (Оренбург, 1897) және «Первоначальное учебное пособие по киргизскому языку» (Казань, 1909) т.б. еңбектерімен танымал. «Грамматика киргизского языка» еңбегінде фонетика, этимология (морфология), синтаксис салалары туралы жақсы материалдар берілген. Еңбектегі комақты, 200 беттей.

Казак тілі білімінің жүйесі де нақты зерттелуі XX ғасырда А. Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады. Бұған дейінгі ғылыми зерттеулерде казак тілі деректері екінші тілдің бірліктері ретінде зерттелгендіктен, сөздің мәні мен мағынасының, тарихи дамуының байыбына терең бару қиын еді.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінен енді казак тілін ана тіл ретінде зерттеу басталды. XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының еңбегінің ең маңызды жағы да осында деп білеміз. Казак тілді ғалымдар ана тілін мәнін ағарту үшін, лексикалық құрамын «жалғ» сөздерден қорғау үшін, грамматикалық құрылымын жүйелеу үшін, тарихи ескерткіштерді зерделеу, тілдің даму басын көрсету үшін осы жылдары барын салды. Тіл саясатындағы қарамақайшылықтар мен қиыншылықтарға қарамастан казак ғалымдары ана тілінің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысын жанжақты зерттеді. «Казак тілі білімінің тарихы» осы мәселелерді зерделеу, тіл ғылымы дамуындағы басты бағыттарды, негізгі зерттеулерді талдауы тиіс.

Казак тілі білімінің қалыптасу және даму тарихын жазудың өзектілігі ерекше. XXI ғасыр басында Казак Елі тәуелсіздігін алған, казак тіліне мемлекеттік мәртебе берген, әлемге жаңа дамушы мемлекет ретінде танытынын білдіретін кезеңде біздің еліміз де өзекті мәселелерді шешуіне тиіс.

Танымал келсе жатқан, инновациялық бағытта дамып, бәсекеге қабілетті болуға ұмтылған ел ретінде белгілі. Сондықтан мемлекеттік тіл ретінде дамуы тиіс казак тілі білімінің ғылыми деңгейін бағалап, зерттеу бағытын сақтай отырып, бұл тіл білімінің жеке-дара ғылым ретінде қалыптасуы, дамуына бір ғасыр. Ғасыр ішінде казак тілі ғылымына еңбек сипарен ұлаша алмайтын еңбектену қажеттілігі мол болса да, жүргізілген ғылыми зерттеулер мен қаржының бойынша зерттеу жазып, теориялық терең ғылыми еңбектер тұрған. А. Байтұрсынұлы, К. Жұбанов, Х. Досмұханбетұлы, К. Кемелтерді, С. Аманжолов, Н.Т. Сауринбаев, С. Исеев, М. Оразов, Ә. Қайдар, М. Балқасов, М. Томаев, Т. Қордабаев, С. Исеев, М. Оразов, Ә. Қайдар, Р. Сұлтан, Ш. Сарыбаев, Т. Жанұзақов, К. Хусанов, Ә. Құрышжанов, А. С. Аманжолов, Ж. Аралбаев, Ж. Мұхамбет-Керім, Ф. Қалиев, Е. Жалғайсов, С. Мырзабаев, О. Нақысбаев, Н. Оралибаев, т.б. жүргізген зерттеулер мен көтерілген ғылыми мәселелер казак тілі білімінің теориялық негізін қалады, жеке салалар бойынша дамуының басты қадамы болды.

Тілдің әр салалары бойынша жазылған казак ғалымдарының еңбектері практикада да басты ғылыми-теориялық тұрғы болды. Казак тілі білімінің ғылыми-теориялық деңгейінің биіктігі бүгінгі таңда тек казак тілі білімінің ғана дамуын емес, жалпы түркологиялық зерттеудің де сипатын анықтайды деген негіз бар.

Ең алдымен, тіл білімі – теориялық пән. Оның методологиясы мен әдістері дұрыс ері нақты, жүйелі орнықпаса, талдау принциптері анықталмаса, ондағы термин жүйесі мен олардың мағыналық құрылымы анықталмай, грамматикалық тұлғалардың мағыналық ерекшелігі нақтыланбаса, сөйлеу елі жұмсау үрдісіне де кемшілік кетері анық. Бұл әлемдік ғылымда қалыптасқан қағида.

XX ғасырда дамыған құрылымдық тіл білімінің артықшылығы мен кемшілігін айқындау – ғылымның бүгінгі мен болашағын сардау үшін қажеттілік тұтылады. Табаны мен іргетасын А. Байтұрсынұлы қалаған казак тілі білімінің теориялық тұрғын жүйелеу, қайта бүтіндей, шешендей, ұлттық тілдің теориялық қағидаларын толықтыра түсу керектігі анық.

XX ғасырдың аты замана тарихында қалай болып жазыларын кім білсін. Әйтпегі, казак тарихында өзінің қиын-қыстау, тар жол, тапқы кешірумен, репрессия мен қуғын-қудалау көз ашпаған казак зиялыларының көкрегін қан жылатқан қасіреттерімен жазылары анық. Ғасыр басында суырылып шыққан казак зиялылары – А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, Н. Төреқұлұлы, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұханбетұлы, К. Жұбанұлы, К. Кемелтерді, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы сынды ғалымдардың жазып-айтқан ғылымы, ғылыми-пәубілімистикалық көрсемсоздері казак ғылымы мен білімінің іргетасын қалады. Сол кезеңдегі казак тілші ғалымдарының садалары білімділігінен тайсалды ма екен, кім білсін, казак тілін зерттеу, пікір айтуға орыс тілді ғалымдар аяқ баспапты. Қазақтың кен маңдайлы азаматтары замандың сор мандайына сыя алмай, өмірден боз кешіп кетсе бұған, олардың орнын толтыратын жаңа буын өкілдері жалғастып баспай ғылымға келе бастап еді.

Одан кейінгі кенестік сүркія саясат ол ғалымдардың қаламдарына шұғылтанғы да қазір тарих. Белгілі ғалымдарда («Вопросы языковедения») белгілі ғалымдардың сынына қатты ұшыраған С. Аманжолов, Н.Т. Сарыбаев айтқанын айтып кете алатын дей алармыз ба?

